

"Коммуналдық мақсаттағы объектілерге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 17 қаңтардағы № 94 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 8 қыркүйектегі № 754 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 08.09.2015 № 754 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

ҚР мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша 2014 жылғы 29 қыркүйектегі № 239-V ҚРЗ Заңына сәйкес ҚР Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 3 наурыздағы № 183 бұйрығын қараңыз.

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Кодексінің 6-бабының 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған "Коммуналдық мақсаттағы объектілерге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидалары бекітілсін.
2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

<i>Премьер-Министрі</i>	Қазақстан Республикасының
Қазақстан	К. Мәсімов
Үкіметінің	Республикасы
2012 жыл	17 қаңтардағы
№ 94 қаулысымен	
бекітілген	

"Коммуналдық мақсаттағы объектілерге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидалары

1. Негізгі ережелер

1. Осы "Коммуналдық мақсаттағы объектілерге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидалары (бұдан әрі – Санитариялық қағидалар) коммуналдық мақсаттағы объектілерді жобалауға, орналастыруға, сумен жабдықтауға, су бұру жолдарына, жарықтандыруға, желдетуге, үй-жайларды, жабдықтарды күтіп-ұстауға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды белгілейді.

2. Осы Санитариялық қағидалар жобаланатын, салынып жатқан, қайта жаңартылатын және жұмыс істеп тұрған коммуналдық мақсаттағы объектілерге қ о л д а н ы л а д ы .

3. Осы Санитариялық қағидаларда мынадай терминдер мен анықтамалар п а й д а л а н ы л д ы :

1) коммуналдық мақсаттағы объектілер (бұдан әрі – объектілер) – бұл элеуметтік мақсаттағы, тұрмыстық қызмет көрсету және халыққа қызмет көрсететін объектілер: қонақүйлер, жатақханалар, моншалар, сауналар, жүзу бассейндері, кір жуу орындары, химиялық тазарту (бұдан әрі - химтазарту), шаштараз және косметикалық қызметтер, парфюмерлік-косметикалық өнімдерді, ауыз қуысы гигиенасының құралдарын өндіру, өткізу және сақтау объектілері, сондай-ақ зираттар және жерлеу мақсатындағы объектілер;

2) парфюмерлік-косметикалық өнім (бұдан әрі – ПКӨ) – адамның сыртқы денесіне немесе тісіне және ауыз қуысының шырышты қабығына олардың сыртқы түрін өзгерту, жағымды иістендіру немесе оларды тазалау, күту мақсатында тікелей жағуға арналған заттар немесе заттар қоспасы;

3) ауыз қуысы гигиенасы құралдары (бұдан әрі – АҚГК) – тазалау, иіс кетіру және профилактика мақсатында тіспен және ауыз қуысының шырышты қабығымен жанастыруға арналған құралдар;

4) зират – мәйіттерді жерлеу үшін арнайы бөлінген аумақ;

5) зираттық кезең – мәйіттердің минералдану үдерістері аяқталатын уақыт;

6) мәйіт сүйегі – мәйіттің шірімеген қалдығы;

7) көму (жерлеу) – санитариялық, табиғатты қорғау, қала құрылысы және өзге де қағидалар мен нормаларға қайшы келмейтін, қайтыс болған адамның тілегіне, діни сеніміне, әдет-ғұрыпқа және салт-дәстүрге сәйкес қайтыс болған адамның денесін (мәйіт сүйегін) жерге (зиратқа, сағанаға) жерлеу немесе отқа жағу (кремациялау) арқылы сүйегі (күлі) бар урнаны зиратқа, сағанаға жерлеуді ғұрып б о й ы н ш а р ә с і м д е у ә р е к е т і ;

8) жерлеу бюросы, жерлеу қызметін көрсететін бюро-дүкендер - азалы рәсімдер жүргізу үшін тауарларды өткізу жөніндегі қызмет көрсету объектілері.

2. Жалпы санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

4. Орналастыруға және құрылысқа жер учаскелерін бөлуге және беруге, сондай-ақ құрылыс үшін жобалау құжаттамасын қарауға аумақтық мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау органдары берген санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды болған жағдайда жол беріледі.

5. Объектілердің Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен санитариялық қағидаларға сәйкес санитариялық-қорғаныш аймағы болуы тиіс.

6. Объектінің аумағы қоршалады, абаттандырылады, көгалдандырылады, жарықтандырылады және тазалықта күтіп-ұсталады. Аумақты жинау күн сайын жүргізіледі, адамдар жүретін немесе көліктер қозғалатын орындарға жылдың жылы кезеңінде су себіледі, қысқы уақытта қар мен мұздан тазартылады.

Зираттардың аумағын қоспағанда, көлікпен кіру жолдары мен жаяу жүретін сүрлеулердің атмосфералық жауын-шашындарды суағарларға бұратын қатты жабыны болуы тиіс.

7. Жобалау кезінде мүмкіндіктері шектеулі адамдар (мүгедектер) үшін құрылғылар көзделеді.

8. Объектілердің ғимараттары жылумен жабдықтау, сумен жабдықтау, су бұру, желдету, ауа баптау жүйелерімен қамтамасыз етіледі.

Ыстық және суық сумен қамтамасыз ету жүйелері Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тиісті санитариялық қағидаларға сәйкес судың берілуін қамтамасыз етуі тиіс.

Су бұру жүйелері сарқынды судың қауіпсіз ағуын қамтамасыз етуі тиіс. Санитариялық-техникалық желілер, құрылғылар және аспаптар жарамды күйде болуы тиіс.

9. Кәрізделмеген аудандарда ауладағы дәретханалар ғимараттан 25 метрден (бұдан әрі – м) алыс қашықтықта су өтпейтін шұңқырымен қоса орналастырылады. Қазылған шұңқырлар, септиктер көлемінің кемінде үштен екі бөлігі толған соң, дер кезінде тазаланып, дезинфекцияланады. Жергілікті тазарту құрылғылары өндірушінің техникалық құжаттамасына сәйкес жабдыкталады.

10. Табиғи және жасанды жарықтандыру деңгейлері, сондай-ақ жұмыс орындарының ауасындағы зиянды заттар Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен санитариялық қағидаларға сәйкес келуі тиіс.

11. Адамдар тұрақты болатын үй-жайларда табиғи желдету және табиғи жарықтандыру болуы тиіс. Үй-жайларды және баспалдақ алаңдарын желдету ашылатын терезе және есік ойықтары арқылы, табиғи жарықтандыру терезе ойықтары арқылы қамтамасыз етіледі. Барлық өндірістік және қосалқы үй-жайлар жасанды жарықтандырылуы тиіс.

Жарықтандыру аспаптары ластанудан дер кезінде тазартылады, күйген

шамдар ауыстырылады. Шырақтар қорғаныш плафондарымен тұмшаланып ж а б ы л а д ы .

12. Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен санитариялық қағидаларға сәйкес артық шу, діріл, ультракүлгін, инфрақызыл, электромагниттік сәулелену көзі болып табылатын жабдықтарды пайдалануға тыйым салынады.

13. Үй-жайларды тікелей функционалдық мақсатынан тыс пайдалануға т ы й ы м с а л ы н а д ы .

14. Объектілердің барлық үй-жайларында жуу, тазарту құралдарын қолдана отырып күн сайын ылғалды жинау жүргізіледі. Дезинфекциялау құралдарын қолдана отырып, 7 күн сайын бір реттен сиретпей күрделі жинау жұмыстары жүргізіледі. Жинау мүкәммалы таңбаланады және үй-жайлардың функционалдық мақсатына қарай қолданылады, сөрелермен немесе стеллаждармен жабдықталған , арнайы бөлінген орында (үй-жайда) сақталады. Дәретханаларға арналған жинау мүкәммалы басқа жинау мүкәммалынан бөлек сақталады.

15. Пайдаланылған төсек жабдықтары мен жұмыс киімдерін жуу кір жуатын орындарда немесе ыстық және суық су келтірілген, бөлінген үй-жай, арнайы жабдық болған жағдайда тікелей объектілерде жүргізіледі. Жеке кір жуатын орынды жабдықтаған жағдайда, кір және таза заттардың қарсы ағымы мен қиылысуына жол бермейтін, жуу технологиялық үдерісінің тізбектілігі (а ғ ы н д ы л ы ғ ы) к ө з д е л е д і .

16. Дезинфекциялау ерітінділері заттың атауы, ерітіндінің қоюлануы мен дайындау мерзімі көрсетілген таңбасы бар сыйымдылықтарда сақталады. Дайындалған дезинфекциялау ерітінділері дезинфекциялау құралдарын қолдану жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес белгіленген шоғырлануға сәйкес болуы тиіс.

17. Дератизациялау және дезинсекциялау бойынша іс-шараларды осы қызмет түрімен айналысуға лицензиясы бар заңды және жеке тұлғалар жүргізеді. Дератизациялау және дезинсекциялауды жүргізу мерзімі, қолданылатын құралдардың атауы мен мөлшері объектілердің есепке алу құжаттамасында т і р к е л е д і .

18. Объектілерде жұмыскерлерге арналған демалу және ас ішу бөлмелері (орындар), жеке және арнайы киімдерді бөлек сақтауға арналған жағдайлар, себезгі бөлмесі мен дәретхана болуы тиіс.

19. Өндірістік және тұрмыстық үй-жайлар қол жууға арналған раковиналармен ж а б д ы қ т а л а д ы .

20. Ғимаратқа кіре берісте қоқысқа арналған урналар орнатылады.

21. Қоқыс жинау үшін үш жағынан қоршалған, қатты жабыны бар алаңда орнатылған контейнерлер қолданылады. Қоршаудың биіктігі орнатылған контейнердің биіктігінен аласа болмауы тиіс. Алаң ғимараттардан, балаларға арналған ойын алаңдарынан, демалу және спортпен айналысу орындарынан

кемінде 25 м қашықтықта орналастырылады.

22. Үй-жайларды, аумақты жинаумен айналысатын жұмыскерлер жұмыс киімдерімен қамтамасыз етіледі және жұмыс киімімен жұмыс істеуге міндетті.

23. Объект басшылығы декреттелген топтың жұмысқа орналасу алдында алдын ала және мерзімдік медициналық тексеріп-қараудан, гигиеналық оқудан өтулерін қамтамасыз етуге міндетті. Жұмысқа жіберілгені туралы белгі қойылған жеке медициналық кітапшалар жұмыс орындарында сақталады.

24. Жұмыс орны болып табылатын үй-жайларда темекі шегуге тыйым салынады. Темекі шегуге тыйым салынған орындарда темекі шегуге тыйым салынатындығы туралы белгі орнатылуы тиіс.

3. Қонақүйлерге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

25. Қонақүйлер бөлек тұрған ғимараттарда орналастырылады немесе көп функциялы ғимараттар және жеке кіретін есігі бар өзге мақсаттағы ғимараттар құрамына енуі мүмкін.

26. Көп функциялы ғимараттар құрамындағы қонақүйлерді жобалау кезінде және қонақүйлердің үй-жайлары басқа да ұйымдармен біріктірілген жағдайда, қонақүйлер жоспарлы түрде бөлектенеді, оқшауланады және жеке кіру есіктерімен қамтамасыз етіледі.

27. Қонақүйлердің тұрғын үй-жайларын жертөле және цокольді қабаттарда орналастыруға тыйым салынады.

28. Үш және одан көп қабатты қонақүйлер ғимараттарында қоқыс салғыш құбырлар жобаланады. Қоқыс салғыш құбырлардың өзегі құрылыс конструкцияларынан ауа және дыбыс өтпейтіндей оқшаулануы тиіс және адамдар тұрақты тұратын тұрғын және қызмет үй-жайларына жапсарлас салынбауы тиіс. Қоқыс жинау камерасын тұрғын бөлмелер астына немесе олармен аралас және үнемі адамдар болатын үй-жайлар астына орналастыруға тыйым салынады.

29. Нөмірлерде санитариялық торап, киім ілетін орындар көзделеді. Тұру алаңы бір тұрғынға шаққанда 6 шаршы метрден (бұдан әрі – м²) кем болмауы тиіс.

30. Тұрғын үй-жайлардың шудан оқшаулануын сақтаған жағдайда қонақүйлердің тұрғын қабаттарында қоғамдық тамақтану үй-жайларын (барлар, кафелер, буфеттер) орналастыруға жол беріледі.

31. Қонақүйлердің барлық нөмірлері мен баспалдақ алаңдары табиғи және жасанды жарықтандырылуы тиіс. Жарықтандырылу нормативі осы Санитариялық қағидаларға 1-қосымшада келтірілген.

32. Қонақүйлер ғимараттарында ауа баптау жүйесі болмаған жағдайда

сору-сыртқа тарату желдеткіші болуы тиіс.

33. Қонақүйлердің дәретханалары жуынатын раковиналармен, кол сүртуге арналған электр сүлгімен немесе жеке сүлгілерімен, жуғыш құралмен, дәретхана қағазын ұстағышпен, унитаз тазалау үшін сыйымдылыққа салынған щеткамен, қоқысқа арналған себетпен жабдықталады.

34. Қонақүйлердің нөмірлері мен ортақ пайдаланылатын орындарында күн сайын ылғалды жинау және желдету жұмыстары жүргізіледі. Кілем бұйымдары шаңнан тазартылады, жұмсақ жиһаздар шаңсорғышпен немесе арнайы щеткамен т а з а р т ы л а д ы .

Қонақүй нөмірінің дәретханаларын жинау жұмыстары нөмірдің барлық басқа аймақтарын жинау аяқталғаннан кейін жүзеге асырылады.

35. Нөмірлер мен ортақ пайдалану орындарын күрделі жинау кемінде айына б і р р е т жү р г і з і л е д і .

36. Ванналар, унитаз отырғыштары мен қақпақтары, биде, су ағызу және дәретхана есіктерінің тұтқалары дезинфекциялау ерітіндісімен күн сайын ө н д е л е д і .

Қонақүй дәретханасының унитаздары және писсуаралары ыстық сумен шайылып, дезинфекциялау ерітіндісімен өңделген арнайы щетка (ерш) көмегімен дезинфекциялау құралдарын пайдалана отырып жуылады.

37. Қонақүй жұмыскерлері арнайы киімнің кемінде 2 жиынтығымен қ а м т а м а с ы з е т і л е д і .

38. Қонақүйде тұратындар үшін бір орынға кемінде төрт төсек жабдығының жиынтығы көзделеді. Қонақүйлердегі төсек жабдықтары мен сүлгілерді ауыстыру күн сайын жүргізіледі. Тұрған қонақтар кеткеннен кейін нөмірде ылғалды ж и н а у жү р г і з і л е д і .

39. Әрбір бөлме жинаушы таза және пайдаланылған төсек жабдықтарын, нөмірлерді жинау құралдарын тасымалдауға арналған арбалармен, қоқыс жинауға арналған, бір рет қолданылатын полиэтилен пакеттермен қамтамасыз е т і л е д і .

Арбаларды жабдықтау жеке үй-жайда жүргізіледі, пайдаланылған төсек жабдықтары пакеттерге және қаптарға жиналады. Таза төсек жабдықтары ашық күйде тасымалдауға жол берілмейді.

4. Жатақханаларға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

40. Жатақханаларды жобалау және салу кезінде дәлізді жүйедегі тұрғын бөлмелер 10 бөлмеден аспайтын және пәтерлі жүйедегі 3 бөлмеден аспайтын блоктарға топталады. Әр блокта бірнеше блокқа ортақ болуы мүмкін ас үйі мен санитариялық торап, себезгі бөлмелері көзделеді.

41. Отбасылық үлгідегі жатақханаларда балалардың ойын бөлмелері ж о б а л а н а д ы .

42. Жатақхана ғимараттарында:

1) тұрғын бөлмелердің үстіңгі қабаттарында және оларға тікелей жапсарлас санитариялық тораптар, қол жуғыштар, себезгі бөлмелерін орналастыруға;

2) тұрғын үй-жайлар астында қоқыс камерасын орналастыруға;

3) қоқыс салғыш құбырлар мен электр қалқандарын тұрғын бөлмелерге ж а н а с т ы р у ғ а ;

4) санитариялық-техникалық аспаптарды тұрғын бөлмелердің қоршау қабырғаларына тікелей бекітуге тыйым салынады.

43. Жатақханалардың тұрғын бөлмелерінің алаңы бір адамға шаққанда $6,0 \text{ м}^2$ к е м б о л м а у ы т и і с .

44. Көп қабатты жатақханалардағы қосалқы және санитариялық-тұрмыстық үй-жайлар, атап айтқанда дәретханалар, қол жуатын бөлмелер, кір жууға және кептіруге арналған үй-жайлар, ортақ ас үйлер, жинау мүкәммалын сақтауға арналған үй-жайлар (орын) әр қабатта болуы тиіс.

45. Медициналық пункт үй-жайлары 1-қабатта орналастырылады, мәдени-көпшілік іс-шараларға, тұрмыстық қызмет көрсетуге арналған үй-жайлар 1 немесе 2-қабаттарда тұрғын үй-жайлардан оқшау орналастырылады.

46. Кір жуу бөлмелері дәлізден шлюз арқылы бөлектенеді, суық су мен ыстық су жүргізілген ванналармен, ылғалға төзімді жабыны бар орындықтармен немесе үстелдермен, стеллаждармен, легендермен; кір және киім кептіруге арналған үй-жайлар кірді кептіруге және үтіктеуге арналған құрылғылармен ж а б д ы қ т а л а д ы .

47. Ас үйлер плиталармен, жуу ұяшығымен, үстелдермен жабдықталады.

48. Кір жууға және кептіруге арналған үй-жайлар, себезгі бөлмелері, санитариялық тораптар механикалық сору-сыртқа тарату желдеткішімен ж а б д ы қ т а л а д ы .

49. Объектілер үй-жайларындағы салыстырмалы ылғалдылық пен ауа қозғалысының жылдамдығы, температурасы мен ауа алмасу жиілігінің параметрлері осы Санитариялық қағидаларға 2-қосымшада белгіленген.

50. Жатақханалардың барлық тұрғын үй-жайлары, сондай-ақ ортақ дәліздері мен холлдары табиғи жарықтандырылуы тиіс. Санитариялық тораптарды, себезгі бөлмелерін, қоймалар мен адамдар аз уақыт болатын басқа да қосалқы үй-жайларды табиғи жарықсыз орналастыруға жол беріледі.

51. Терезе әйнектері таза күтіп-ұсталады, ластануына байланысты т а з а р т ы л а д ы .

52. Жатақханалардың үй-жайларында қоқысқа арналған урналар, ас үйлерде

тағам қалдықтарына арналған қақпағы тығыз жабылатын, толуына байланысты тазартылатын сыйымдылықтар қойылады.

Ортақ қолданылатын үй-жайлар мен дәліздерге қоқыс шығаруға және қалдықтар салынған сыйымдылықтарды сақтауға жол берілмейді.

53. Жұмсақ мүкәммал (матрацтар, көрпелер, жастықтар) эпидемиялық айғақтары бойынша дезинфекцияланады.

Матрацтардың ластануына қарай жуылатын ауыстырмалы сыртқы тысы болуы тиіс. Төсек жабдықтары ластануына қарай, бірақ 7 күн сайын кемінде бір р е т а у ы с т ы р ы л а д ы .

54. Төсек жабдықтарының қосымша жиынтығы (матрацтардың тыстары, жастықтар, көрпелер) бөлек шкафтарда (стеллаждарда) сақталады.

5. Моншалар мен сауналарға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

55. Моншалар мен сауналар жеке тұрған ғимараттарда немесе жеке кіретін есігі болған жағдайда кір жуу орнымен бір ғимаратта, сондай-ақ қоғамдық ғимараттар мен өнеркәсіп кәсіпорындарының тұрмыстық корпустарында орналастырылады. Монша мен сауналарды тұрғын ғимараттарда орналастырған жағдайда қабатаралық жабындар будан, жылудан, ылғалдан және дыбыстан о қ ш а у л а у д ы қ а м т а м а с ы з е т у і т и і с .

56. Монша және сауна үй-жайларының құрамына: киім ілетін орны бар вестибюль, шешіну-киіну бөлмесі, санитариялық тораптар, жуынып-шайыну және себезгі бөлмелері, бу қабылдау бөлмесі, жұмыскерлерге арналған тұрмыстық үй-жайлар, жуу және дезинфекциялау құралдарын, жинау мүкәммалын сақтауға арналған қоймалар кіреді.

57. Моншаларда шаштараз, массаж, косметикалық кабинеттерді, қоғамдық тамақтану объектілерін, жеке гигиена заттары мен басқа да тауарларды сатуға арналған дүңгіршектерді, жеке заттарды сақтау қоймаларын орналастыруға жол б е р і л е д і .

58. Моншаларда ауа айналымынсыз ішке сору желдеткішімен біріктірілген ауа арқылы жылыту көздерін жайғастыруға жол беріледі. Сыйымдылығы 200 және одан да көп орындық моншаларда сору-сыртқа тарату желдеткіші көзделеді .

59. Бу қабылдау үй-жайларында ауа температурасын бақылауды жүзеге асыру мақсатында термометр көзделеді.

60. Терезе ойықтарында ашылатын фрамугалар немесе желкөздер көзделеді.

61. Моншалар мен сауналарда жуу және дезинфекциялау құралдарына төзімді материалдардан жасалған жартылай қатты және қатты жиһаздар, шешіну-киіну

және себезгі бөлмелерінде резеңке кілемшелер қолданылады. Ағаш траптарды пайдалануға тыйым салынады.

62. Жуыну үшін жоғары температура әсеріне төзімді және оңай жуылатын және өңделетін легендер қолданылады.

63. Моншалар мен сауналарда қолданылатын заттар (ақжаймалар, сүлгілер) таза, құрғақ және жеке пайдалануға арналуы тиіс.

64. Моншалар мен сауналардың барлық үй-жайларында тазалық үнемі сақталады. Кәріз траптарының бітеліп қалуына және еденде лас судың жиналуына жол берілмейді.

65. Әр келушіден кейін резеңке аяқ-киім фунгицидтік әсері бар дезинфекциялау құралдарымен өңделеді. Резеңке бұйымдарын өңдеу үшін таңбаланған сыйымдылықтар бөлінеді. Дезинфекциялаудан кейін аяқ киім кептіріліп, пакеттерге салынып беріледі.

66. Жуыну бөлімшелеріндегі легендерді, ванналарды өңдеу үшін дезинфекциялау ерітінділері бар сыйымдылықтар, тазартушы заттар, щеткалар мен шүберектер болуы тиіс. Легендер, ванналар дезинфекцияланады және сумен шайылады.

67. Күн сайын жұмыс аяқталғаннан кейін үй-жайларды желдету, үй-жайларды, мүкәммалды және жабдықтарды жинау, дезинфекциялау жүргізіледі.

68. Моншалар мен сауналардың, бу қабылдау бөлмесін қоспағанда, үй-жайлары қоқыс салатын урналармен қамтамасыз етіледі.

69. Монша мен сауналардың жуынып-шайыну және себезгі бөлмелерінде кір жууға және кір кептіруге тыйым салынады.

6. Жүзу бассейндеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

70. Бассейндер бөлек тұрған ғимараттарда, қоғамдық ғимараттарға жапсарластыра салынған (ішіне салынған) үй-жайларда орналастырылады. Бассейндер тұрғын ғимараттарда орналастырылған жағдайда қабатаралық жабындар будан, жылудан, ылғалдан және дыбыстан оқшаулауды қамтамасыз етуі тиіс.

71. Аквапарктер тұрғын, саябақтық немесе рекреациялық аймақтың шет орналасқан аумағында орналастырылады.

72. Бассейн үй-жайларының құрамына: киім ілетін орны бар вестибюль, ерлер мен әйелдерге арналған шешіну-киіну орындары, себезгі бөлмелері, санитариялық тораптар, ваннасы бар зал, персоналға арналған тұрмыстық үй-жайлар, спорт мүкәммалын сақтауға арналған қоймалар, жинау мүкәммалын,

жуу және дезинфекциялау құралдарын сақтауға арналған қоймалар, әкімшілік үй-жайлар, медициналық персоналға арналған кабинет кіреді.

73. Бассейн үй-жайлары ішін жоспарлау келушілердің тізбектік (шешіну-киіну орны - себезгі бөлмесі - бассейн ваннасы) қозғалысын қамтамасыз е т у і т и і с .

74. Бассейн ванналарының көлемі бассейнге келуші ересектер үшін бір адамға шаққанда кемінде 5 м^2 , балалар үшін кемінде 4 м^2 болуы тиіс.

75. Шешіну-киіну орындары киім сақтауға арналған жеке шкафттармен және отыруға арналған орындықтармен жабдықталады.

76. Айналма жолдар, бассейн ваннасының қабырғалары мен түбі су өтпейтін материалдардан жасалынады, ванна зал құрылысының ішкі беті ылғалға төзімді материалдардан жасалады. Айналма жолдардың үстіңгі, бассейн ваннасының түбінің жабын материалдары оларды тазалау және дезинфекциялау мүмкіндігін көздеуі, қолданылатын химиялық реагенттер мен дезинфекциялау құралдарының әсеріне төзімді болуы тиіс.

77. Себезгіден бассейн ваннасына дейінгі жүретін жолда ағынды сулы аяқ ваннасы орналастырылады, олардың көлемі айналып өту мүмкіндігін болдырмауы тиіс. Бассейннің себезгі бөлмесінен айналып өту жолына тікелей шығатын жағдайда аяқ ваннасының болмауына жол беріледі.

78. Бассейн себезгілері өтпелі болуы және шешінетін орыннан айналма жолына баратын бағытта орналасуы тиіс, кабиналармен, жеке араластырғыштармен, ыстық және суық су желісімен, гигиена заттарына, сүлгілер мен жөкелер арналған құрылғылармен жабдықталады.

79. Судың ластанған жоғарғы қабатын тазарту суды ауыстырып құятын науалармен су бұру жүйелеріне жіберу арқылы жүргізіледі.

80. Теңіз суы толтырылатын бассейндер үшін су алу орнын таңдау, нөсерлі жаңбыр суынан және сарқынды судан, өзендерден, порттардан, айлақтар мен жағажайлардан шығатын ластанған су көздерінің әсерінен тыс жердегі теңіз учаскесінің санитариялық жағдайы және судың сапасы ескеріле отырып жү р г і з і л е д і .

81. Бассейндерде рециркуляциялық немесе су ауыстырудың ағынды жүйесі қолданылады немесе бір мезетте бассейнді дезинфекциялай отырып, 7 күнде кемінде бір рет судың толық ауыстырылуы қамтамасыз етіледі. Теңіз суы толтырылатын бассейндерде рециркуляциялық жүйені пайдалануға жол б е р і л м е й д і .

Спорттық-сауықтыру бассейндерінде су алмастырудың рециркуляциялық жүйесі, шағын бассейндерде (ванна көлемі 70 м аспаса) судың толассыз ағысы қ о л д а н ы л а д ы .

82. Рециркуляциялық ауыстыру жағдайында бассейн жұмысының әрбір 8 сағат сайын кемінде 10 пайыз (бұдан әрі - %) су құбырының таза суын үздіксіз қоса отырып, су тазаланады және зарарсыздандырылады.

83. Суды тазалау, зарарсыздандыру және тарату құрылыстары бассейннің тиімді және қауіпсіз жұмысын қамтамасыз етуі тиіс. Әрбір ваннаның реагенттерді автоматты түрде дозалауды және судың тұрақты температурасын қамтамасыз ететін су дайындау жүйесі болуы тиіс.

84. Ванналарға жіберілетін су зарарсыздандырылуы (хлорлануы, бромдалуы, озондалуы, ультракүлгін сәулесімен сәулеленуі) тиіс.

85. Суы үздіксіз ағатын бассейндерде зарарсыздандырудың физикалық әдісі (ультракүлгін сәулемен сәулелендіру) қолданылады.

86. Ванналар оған жұмсалатын, рециркуляция жүйесіне түсетін, қосылатын таза су шығындарын есептеуші өлшеуіштермен, зерттеу үшін су сынамасын алуға арналған шүмектермен жабдықталады.

87. Ванна түбі су бұру желісінен төмен орналасқан жағдайда ваннаны босату сорғының көмегімен жүзеге асырылады.

88. Су бұру жүйесінен ванналарға су ағынының кері ағып келуіне жол берілмейді.

89. Жылумен қамтамасыз ету, ауаны желдету және баптау жүйелері осы Санитариялық қағидаларға 3-қосымшада көрсетілген жүзу бассейндері үй-жайларындағы микроклимат пен ауа ортасы параметрлерін қамтамасыз етуі тиіс.

90. Бассейн ванналарының залдары, дайындық сабақтарына арналған залдар, хлорлау немесе озондау үй-жайлары сору және сыртқа тарату желдеткішінің жеке жүйелерімен жабдықталады.

91. Ауадағы жүзушілердің тыныс алу аймағындағы бос хлор шоғырлануы бір текше метрге 0,1 миллиграммнан (бұдан әрі - мг/м³), озон - 0,16 мг/м³ аспауы тиіс.

92. Ваннасы бар бассейн залы табиғи жарықтандырылады. Жарық ойықтарының көлемі су үсті көлемін қоса алғандағы бассейн үй-жайлары көлемінің 20 %-нан кем болмауы тиіс. Жарық ойықтарының басым бөлігі фрамугалармен немесе желкөздермен жабдықталады.

93. Су бетінің неғұрлым аз жарықтандырылуы 100 люкс (бұдан әрі - лк), суға секіру бассейндерінде - 150 лк., су добы үшін 200 лк. болуы тиіс. Барлық бассейндерде іске қосылған жарықтандырудан басқа су бетін 5 лк. кем емес жарықтандыруды қамтамасыз ететін автономды авариялық жарықтандыру көзделуі тиіс.

94. Күрделі және ағымдағы жөндеулер, инженерлік жабдықтарды ауыстыру,

суды ағызу және ваннаға жаңа су толтыру олардың санитариялық-техникалық күйіне, зертханалық бақылау нәтижелеріне және мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау органдарының ұйғарымдарына (қаулыларына) байланысты жүргізіледі.

95. Реагенттер, сумен жанасатын материалдар сапасы мен қауіпсіздігі жөніндегі құжаттары болғанда қолданылады.

96. Маусымдық бассейндерде су құбырынан келетін су болмаған жағдайда жер үсті немесе жер асты көздерінің суын, оны күн сайын ауыстырып отырған жағдайда, қолдануға жол беріледі.

97. Ванна суды ауыстырып құятын науалардың ернеуіне дейін толтырылады, ол толық толтырылмаған жағдайда қолдануға тыйым салынады.

98. Залда шу деңгейі 60 децибелден (бұдан әрі - дБА) аспауы керек, сабақтар өткізу және жарыстар уақытында тиісінше 82 дБА және 110 дБА-ға дейін.

99. Әрбір жүзу сабағы өтер алдында ваннасы бар зал мен шешіну-киіну орындарындағы температура мен салыстырмалы ауа ылғалдылығы, бассейн суының температурасы мен ванна суындағы дезинфекциялау құралдарының қалдық шоғырлануы көрсеткіштеріне бақылау жүргізіледі.

100. Бассейн ваннасын дезинфекциялау су ағызылғаннан кейін және дезинфекциялау құралдарымен екі рет шаю әдісімен ваннаны механикалық тазалау арқылы жүргізіледі. Активті хлор ерітіндісін шаю, оны жаққаннан кейін бір сағат өткен соң, жылы сумен жүргізіледі.

101. Бассейннің рециркуляциялық үлгідегі ваннасын дезинфекциялау 7 күнде бір реттен сиретпей жүргізіледі.

102. Бассейннің рециркуляциялық үлгідегі ваннасын зарарсыздандыру кезінде судың 1 адамға шаққандағы шығыны:

1) суды хлорлау және бромдау кезінде – сағатына 2 текше метрден (бұдан әрі - $\text{м}^3 / \text{с}$) кем емес;

2) суды ультракүлгін сәулемен өңдегенде – $1,8 \text{ м}^3/\text{с}$ кем емес;

3) суды озондағанда – $1,6 \text{ м}^3/\text{с}$ кем емес болуы тиіс.

103. Бассейннің ағынды үлгідегі ваннасындағы бір сағаттық су шығыны жүзуге үйрету ваннасының көлемінің кемінде 20–25 %-ын, қалған жағдайда ванна көлемінің кемінде 15%-ын құрауы тиіс.

104. Бассейнді пайдалану үзілісі ұзақ болған кезде (6 және одан ұзақ уақыт) бассейн ванналарының суындағы дезинфекциялау құралдары бос хлордың қалдық шоғырлануынан текше дециметрге 1,5 миллиграммнан (бұдан әрі - $\text{мг}/\text{дм}^3$) аспауы тиіс.

105. Бассейнге келуші адамдарды қабылдауды бастар алдында бассейндегі судың сапа көрсеткіштері осы Санитариялық қағидаларға 4-қосымшада

көрсетілген деңгейлерден аспауы тиіс.

Суды ас тұзы электролизімен алынатын натрий гипохлоритімен зарарсыздандырған кезде бассейн ваннасындағы хлоридтердің 700 мг/дм^3 дейінгі құрамына жол беріледі.

106. Бассейннің үй-жайлары мен ванналарын күн сайын жинау жұмыс күнінің соңында, қажет болған жағдайда, ауысым арасындағы үзіліс кезінде жүргізіледі. Үй-жайларды жинаумен қоса айналма жолдарды, еденді, орындықтарды, кілемшелерді, есік тұтқаларын, тұтқаларды және басқаларды дезинфекциялау жүзеге асырылады.

107. Бассейндердің үй-жайлары мен ванналарды күрделі жинау айына бір реттен сиретпей жүргізіледі.

108. Бассейнде жүзумен айналысатын тұлғалардың шомылатын киімі (плавки, купальник), ылғалға төзімді материалдан жасалған ауыстырылатын аяқ киімі, сүлгісі, денесін жууға арналған жуғыш заттары, губкасы (жөкесі), резеңке бас киімі (бассейн ванналарының суын шашпен ластауға жол бермес үшін) болуы тиіс, бассейн залына шығар алдында жуынуға арналған заттарды қолдану арқылы жуып-шайынуы тиіс (шомылуға арналған киімсіз).

Жүзумен айналысатын адамдардың гигиена қағидаларын сақтауын бассейн әкімшілігі және медициналық қызметкер бақылайды.

109. Бассейн суының сапасын өндірістік зертханалық бақылауды осы Санитариялық қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес көрсеткіштерін анықтау және сынама алу жиілігімен бассейннің өндірістік зертханасы немесе өзге акредиттелген зертхана жүргізеді.

110. Су сынамалары екі нүктеден - бассейн ванналарының судың бетінен 25-30 см терең және тайыз тереңдіктегі бөлігінен алынады.

111. Өндірістік зертханалық бақылау тәртібімен жүргізілген талдаулардың нәтижелері қанағаттанарлықсыз болған жағдайда, аумақтық мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау органына 24 сағат ішінде міндетті түрде ақпарат жіберіледі, қажет болған жағдайда қайталап қосымша микробиологиялық және паразитологиялық зерттеулер, күрделі жинау жүргізіледі немесе бассейн жабылады.

7. Кір жуу орындарына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

112. Өзіне өзі қызмет көрсету кір жуу орны мен кірді қабылдау-беру пункттерін қоспағанда, кір жуу орындарын тұрғын үйлерде орналастыруға тыйым салынады. Кірді қабылдау-беру пункттері тұрғын ғимараттарда орналасқан жағдайда, олардың үй-жайларының тұрғын бөліктен оқшауланған

кіру есігі және кір және таза заттарды қабылдауға, сақтауға және беруге арналған бөлек үй-жайлары болуы тиіс.

113. Кір жуу орындарының сәулеттендіру - жоспарлау шешімі технологиялық үдеріс ағындылығының сақталуын көздеуі және таза және кір заттардың жанасуына, қиылысуына жол бермейтіндей болуы тиіс.

114. Жылумен қамтамасыз ету, желдету және ауа баптау жүйелері ауа сапасының гигиеналық нормативтерін, шу мен діріл деңгейлерін, сонымен қатар кір жуу үй-жайларының жылу беру маусымындағы жол берілетін микроклимат параметрлерін: ауа температурасының плюс 18-22 Цельсий градус (бұдан әрі – 0 С), салыстырмалы ылғалдылықтың 30-65 % болуын қамтамасыз етуі тиіс.

115. Кір жуатын орынның үстіндегі қабатаралық жабындар басқа үй-жайларды бұдан, жылудан және дыбыстан оқшаулауды қамтамасыз етуі тиіс.

116. Кір жуатын орынның үстінде қоғамдық үй-жайлардың терезелері орналасқан жағдайда, кір жуатын және кептіретін үй-жайлардың терезелері фрамугалар мен желкөзсіз қатты жабылуы тиіс.

117. Аурухана төсек жабдықтарын жуу кезінде, аурухана төсек жабдықтарының басқа заттармен жанасу мүмкіндігін болдырмайтын арнайы технологиялық желі бөлінеді.

Таза және кір заттарды сақтау үй-жайларында стационарлардың функционалдық бөлімшелерінің атауы көрсетілген стеллаждар бөлінеді. Терапиялық, хирургиялық, обсервациялық, инфекциялық бейіндегі бөлімшелердің заттары бір-бірінен бөлек сақталуы тиіс. Төсек жабдықтарын ауыстырған сайын стеллаждар мен жабдықтардың үсті дезинфекцияланады.

118. Инфекция жұқтырылған киім-кешектер, заттар өңделетін кір жуу орындары мынадай талаптарға сәйкес келуі тиіс:

1) инфекция жұқтырылған киім-кешектерді, төсек әбзелдерін қабылдауға арналған үй-жайлар басқа үй-жайлардан оқшауландырылады;

2) киім-кешекті қабылдау, іріктеу және жуу үй-жайлары дербес сыртқа тарату желдеткішімен жабдыкталады;

3) инфекция жұқтырылған киім-кешектерді суға малып қою киім-кешекті іріктеу бөлмесінде жүргізіледі;

4) жуылар алдында және жуу кезінде киім-кешектер зарарсыздандырылады.

119. Кір және таза киім-кешекті тасуға арналған жекелеген легендер, арбалар таңбаланады және мақсат бойынша қолданылады.

120. Тұтынушыға беру кезінде бұйым оралады.

8. Химиялық тазарту орындарына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

121. Химтазарту орындары жеке тұрған ғимараттарда, сондай-ақ тұрмыстық қызмет кәсіпорындары кешенінің, ұйымдар мен өнеркәсіптік кәсіпорындардың құрамында жеке үй-жайда орналастырылады. Химтазарту тұрғын ғимараттарда орналастырылған жағдайда қабатаралық жабындар будан, жылудан, ылғалдан және дыбыстан оқшаулауды қамтамасыз етуі тиіс.

122. Ірі сауда-ойын-сауық орталықтарында, қонақүй кешендерінде және гипермаркеттерде орналасқан шағын-химтазарту орындарының кіретін және шығатын жеке есігі, дербес желдету жүйесі болуы қажет. Жеке кіріп-шығу есіктерін жайғастыру мүмкін болмаған жағдайда, шағын-химтазарту орындары азық-түлік және балаларға арналған тауарларды, сондай-ақ дәрілік заттар мен науқастарды күтуге арналған заттар сатылмайтын аймақта орналастырылады.

123. Химтазарту орындарының өндірістік үй-жайлары (цехтары) жеке тұрған ғимараттарда немесе ғимараттардың тік жоспарлануын және тітіркендіргіш әсер беретін, қолданылатын химиялық заттарды ескере отырып, сондай-ақ таза және кір бұйымдар қозғалысы ағынының қиылысуын болдырмау үшін қоғамдық үй-жайлардың бірінші қабатында орналастырылады.

124. Өндірістік үй-жайларының алаңын технологиялық үдерістердің сипатына, санына, өндірістік жабдықтардың типіне және жұмыскерлердің с а н ы н а қ а р а й а н ы қ т а й д ы .

125. Есіктердің сыртқы ойықтары мен қақпалар жылдың суық мезгілінде ауаны жылыту үшін тамбурлармен және жылы ауа перделерімен жабдықталады.

126. Негізгі және қосалқы өндірістік үй-жайлардың қабырғасы, төбесі және едені зиянды химиялық заттардың жиналуына жол бермейтін, сіңірмейтін м а т е р и а л д а р м е н ө н д е л е д і .

127. Еден жабуға арналған материалдар химиялық берік болуы және су өткізбеуі тиіс, еден құрылысы сұйық зат төгілуі және үй-жайларды ылғалды жинау кезінде ағынның бұрылуын көздеуі тиіс.

128. Өндірістік, қосалқы және санитариялық-тұрмыстық үй-жайлар сору-сыртқа тарату желдеткішімен жабдықталады. Басқа мақсаттағы ғимараттарда орналасқан химтазарту орнының желдету жүйесі осы ғимараттың желдету жүйесінен дербес жабдықталады.

129. Химиялық заттар бөлу көздерімен жұмыс жасайтын жұмыс орындарындағы, сондай-ақ дақтарды кетіру, ылғалды-жылумен өңдеу жұмыстары жергілікті сыртқа тарату құрылғылары болған жағдайда жүргізіледі.

130. Шламды автоматты түсіру жүйесімен жабдықталмаған машиналарда шламды қолмен түсіру кезінде, ерітінді буын сыртқа шығару жүйесімен жабдықталған машиналарды қоспағанда, машиналардың артқы қабырғасы үстінен жергілікті сыртқа тарату құрылғысы, машинаның алдыңғы қабырғасы жанынан барабан ашылған кезде іске қосылатын жергілікті сыртқа тарату

құрылғысы

жабдықталады.

131. Химтазарту орнында ауа рециркуляциясына жол берілмейді.

132. Желдеткіш жабдықтары желдеткіш камераларда орнатылады, шудан оқшаулау және дірілді басу құрылғыларымен жабдықталады.

133. Технологиялық механикалық сыртқа тарату желдеткіш жүйесінің тиімділігі жылына 1 рет, жалпы алмасу механикалық желдету жүйесінің тиімділігі 3 жылда 1 рет бақыланады.

134. Өндірістік үй-жайлар жалпы жарықтандыру және/немесе құрамдастырылған жарықтандыру және авариялық жарықтандыру жүйелерімен жабдықталады.

135. Жабдықтардан сарқынды суды ағызу жабық тәсілмен жүргізіледі. Сарқынды суды өндірістік үй-жайлардың еденіне, су бұру жүйесіне ағызуға арналған ашық науаларға жіберуге тыйым салынады.

Химтазарту машиналарының су бөлгіштерінен шыққан құрамында еріткіштердің буы бар су шлам ретінде пайдаланылады.

136. Еріткіштерді қолдану арқылы бұйымдарды құрғақ химтазалауды жүргізу үздіксіз және тұйық айналым бойынша барлық операциялардың орындалуын қамтамасыз етуі тиіс.

137. Жабдыққа қызмет көрсету, еріткіштерді жеткізу, мөлшерлеу және салу, сүзуге арналған ұнтақтарды жағу және сүзгі элементтерін механикалық жолмен тазалау бойынша өндірістік операциялар жеке қорғаныш құралдарын қолдану арқылы жүргізіледі.

138. Технологиялық жабдықтардың сыртқы бетінің температурасы 43°C аспауы тиіс.

139. Бұйымдарды химиялық тазартудың технологиялық үдірістерінде қолданылатын реагенттердің, заттардың және препараттардың сапасы және қауіпсіздігі туралы құжаттары болуы тиіс.

140. Химиялық реагенттер, заттар мен препараттар жергілікті сыртқа тарату желдеткішімен, стеллаждармен, тұғырықтармен жабдықталған, қышқылдар мен сілтілердің әсеріне төзімді едені бар қоймаларда сақталады.

141. Өндірістік учаскелерде химиялық материалдардың бір тәуліктік мөлшері сақталады.

142. Бұйымдар тасымалдау кезінде жабық қаптар немесе пакеттерге салынады. Тұтынушыға бұйым ораулы күйінде беріледі.

143. Персонал арнайы киіммен және аяқ киіммен, жеке қорғаныш құралымен қамтамасыз етіледі.

9. Халыққа шаштараздық және косметикалық қызмет көрсету объектілеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар

144. Осы Санитариялық қағидалардың талаптары қайта жаңарту-пластикалық хирургия, тері және тері асты ауруларын емдеу медициналық қызметтеріне, косметологиялық, массаж кабинеттеріне және денсаулық сақтау объектілері құрамындағы солярий объектілеріне қолданылмайды.

145. Объектілер тұрғын бөлігінен оқшауланған кіру есігі және дербес желдету жүйесі болған жағдайда тұрғын үй ғимараттарының бірінші және цокольді қабаттарына орналастырылады.

Жертөле қабаттарды қосалқы және көмекші үй-жайлар ретінде қолдануға жол беріледі.

146. Ғимараттар мен үй-жайлардың көлемді-жоспарлау және конструктивтік шешімдері көрсетілетін қызметтер тізбесі және олардың қуаттылығымен анықталады. Объектілерде ыстық және суық су жүргізілген раковинамен жабдықталған, дезинфекциялауға, құралдарды стерилдеу алдында тазартуға және стерилдеуге арналған үй-жай немесе арнайы орын бөлінеді.

147. 3 жұмыс орнына дейінгі шаштараздық залдарда қосымша 6 м^2 аудан бар болған жағдайда маникюр үшін бір жұмыс орнын орналастыруға жол беріледі. Объектілердің үй-жай ауданы осы Санитариялық қағидаларға б-қосымшаға сәйкес болуы тиіс.

148. Солярийлерде УФ-С ультракүлгін сәулелі диапазонды жабдықтарды қолдануға тыйым салынады. Солярийлер техникалық паспорттары мен нұсқаулықтарына сәйкес пайдаланылады.

149. Солярийдің жалпы ауданы техникалық сипаттамаға сәйкес аппарат алатын орыннан және ауданы $3,0 \text{ м}^2$ кем емес шешіну аймағынан тұрады. Солярий қызметі оператордың көмегімен ұсынылатын жағдайда, операторға арналған кемінде $6,0 \text{ м}^2$ қосымша аймақ бөлінеді.

150. Солярийлерді пайдалануға арналған үй-жай механикалық іске қосылатын сору-сыртқа тарату желдеткішімен жабдықталады. Жеке желдету жүйесімен жабдықталған үлгілерді орнатқан жағдайда үй-жайға ауаның табиғи ағынының келуі ұйымдастырылады.

151. Солярий шамдары журналда міндетті түрде белгілей отырып, шамдардың техникалық паспорттың көрсетілген сағаттың нормативті орындалуы жағдайында ауыстырылады. Істен шыққан шамдар қауіпсіз кәдеге жаратылады.

152. Әрбір сеанстан кейін келуші жанасқан солярий кабинасының барлық үстіңгі беттері дезинфекциялау құралдарымен өңделеді. Тік солярийді қолданған

кезде келушілерге жеке сүлгі мен аяқ киім ұсынылады.

153. Аппарат ішіндегі желдеткіш тесіктері ластанған сайын әлсін-әлсін т а з а р т ы л ы п о т ы р а д ы .

154. Солярий персоналы мен келушілерге әсер ететін физикалық факторлар деңгейі мынадай гигиеналық нормативтерден:

- 1) электромагниттік өрістің кернеуі 25 вольтметрден артық болмауы;
- 2) токтың электрлік өрісінің өнеркәсіптік жиілігінің кернеуі (50 Гц) – 0,5 киловольтметрден артық болмауы тиіс.

155. Сәулелік әсері бар тұрмыстық мақсаттағы бұйымдар үшін ультракүлгін сәулесінің рұқсат етілген қарқындылығы 280-315 нанометр (бұдан әрі – нм) диапазонда 1,9 ватметр шаршыдан (бұдан әрі – Вт м²) және 315-400 нм диапазонда 10 Вт м² аспауы қажет. 200-280 нм диапазонында сәулеленуге жол б е р і л м е й д і .

156. Арнайы көзілдіріксіз, сондай-ақ алғашқы екі сеанс арасында 48 сағаттық үзіліс сақталмаған жағдайда, келушілерге солярийге кіруге тыйым салынады.

157. ПКӨ-ні және шашты, тырнақты, теріні күту құралдарын қолдану, сақтау және келушілерге өткізу қолданылатын өнімнің қауіпсіздігін растайтын құжаттары, құралдардың мемлекеттік тіркелгендігі туралы куәлігі болған жағдайда жү р г і з і л е д і .

158. 3 жұмыс орнына дейін желкөз және фрамуга көмегімен табиғи желдету, 3-тен жоғары жұмыс орындарында жасанды іске қосылатын сыртқа тарату желдеткіші көзделеді. Қосалқы және санитариялық-тұрмыстық үй-жайларды қоспағанда, барлық үй-жайлар үшін желдету жүйесі ортақ болуы мүмкін.

Тырнақты ұзарту шеберінің жұмыс орны жергілікті ықтиярсыз сыртқа тарату желдеткішімен ж а б д ы қ т а л а д ы .

159. Маникюр және педикюр кабинеттерінің жұмыс орындары жалпы және жергілікті жарықтандыруды ұйымдастыру жолымен жарықтандырылады.

160. Ерлер мен әйелдер залдарында шаштараздардың қолын жууға арналған р а к о в и н а ж а б д ы қ т а л а д ы .

161. Балаларға қызмет көрсетуге арналған креслолар өз өлшемі және құрылымы бойынша олардың жасына және бойына сәйкес келуі тиіс.

162. Косметикалық кабинет, маникюр және педикюр кабинеттері қолды және құралдарды жууға арналған раковиналармен жабдықталады.

163. Бір ауысымдағы жұмыскерлер саны 10 адамнан аспайтын жағдайда персоналға арналған ас ішу бөлмесі мен киім ілетін орынды біріктіруге жол беріледі, сондай-ақ келушілерге арналған киім ілетін орны бар вестибюль мен күту залын біріктіруге жол беріледі.

164. Таза киім және порфюмерлік-косметикалық заттарды сақтауға арналған

үй-жайлар стеллаждармен немесе шкафтармен, кір заттар үшін қақпағы бар сыйымдылықтармен жабдыкталады. Қолданылған кір және таза заттарды араластыруға тыйым салынады.

165. Қию жұмыстары оқшауланған үй-жайда жүргізілуі тиіс, оның алаңы және жабдық жиынтығы жүргізілетін жұмыстың көлемі мен сипаты ескеріле отырып, бір жұмыс орны $4,5 \text{ м}^2$ кем болмауы көзделеді.

166. Косметикалық, маникюр және педикюр кабинеттері жабық үлгідегі бактерицидті ультракүлгін сәулелендіргіштермен жабдыкталады. Сәулелендіргіштердің жұмыс режимі мен уақыты қатаң есепке алынуы тиіс.

167. Физиотерапиялық аппаратура кабинетке кемінде бір аппараттан деген есеппен арнайы жабдыкталған кабинеттерде орналастырылады. Кабинет алаңы 1 кушеткаға 6 м^2 , бірақ кемінде 12 м^2 есебімен қабылданады.

168. Қауіптілігі 1-ші және 2-сыныпты лазерлік қондырғылар ортақ үй-жайларда орналастырылуы мүмкін. Қауіптілігі 3 және 4-сыныпты лазерлік қондырғылар бөлек немесе қоршалған үй-жайларда орналастырылады. Есікке лазерлік қауіптілік белгісі және автоматты түрде қосылатын "Қауіпті, лазер іске қосулы!" деген жарық таблосы ілінеді.

Ашық үлгідегі лазер қондырғыларымен жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік көзді жеке қорғаныш құралдарын (жарық фильтрлі қорғаныс көзілдіріктері, бет қорғаушы қалқанша) қолдану жолымен қамтамасыз етіледі.

3-ші және 4-сыныпты лазерлік қондырғыларды жергілікті сыртқа тарату құрылғысынсыз қолдануға тыйым салынады.

169. Келушілерге қызмет көрсету үшін тек таза заттар қолданылады. Таза заттар қоры (сүлгілер, сулықтар, ақжаймалар және басқалары) әрбір келуші үшін жеке қолдануды қамтамасыз етуі тиіс. Таза, қолданылған заттар, парфюмерлік-косметикалық заттар, сондай-ақ жуу және дезинфекциялау құралдары бөлек сақталады.

Пеньюарлар тек таза сулықпен немесе бір рет қолданылатын жаға астылық ленталармен қолданылады.

170. Қолданылған заттарды және жұмыс киімдерін жуу кір жуатын орындарда немесе арнайы жабдыкталған жеке бөлінген үй-жай бар болған жағдайда тікелей объектіде жүргізіледі. Персоналдың жұмыс және жеке киімдері бөлек сақталуы тиіс.

171. Клиенттің мойнындағы және бетіндегі қиылған шашты алу таза жеке сулықпен немесе мақталы тампонмен жүргізіледі. Қиылған шаштарды алу үшін шашақты қолдануға тыйым салынады.

172. Қиылған шаштарды кресло жанынан жабылатын қалақпен жинайды және оларды тұмшаланған сыйымдылыққа салады, кейін оны тұрмыстық қалдық

р е т і н д е

ш ы ғ а р а д ы .

173. Әсемдеу косметикасын жағу үшін бір рет қолданылатын құралдар пайдаланылады. Қарындаштар әрбір клиенттен кейін ұшталады немесе кесіледі, далап, тушь, тень және опа бір рет қолданылатын кистілермен жағылады. Косметикалық рәсімдер үшін бір рет қолданылатын мақта дискілер және спонждар п а й д а л а н ы л а д ы .

Шаш бояу және химиялық бұйралау кезінде шашты сулау әрбір келушіден кейін ауыстырылатын тампонмен немесе шашақпен жүргізіледі.

174. Қысқыштарды, бигудилерді, қалпақтар мен шашты химиялық бұйралауға арналған торларды, шашты іріктеп бояуға арналған бас киімдерді әр клиенттен соң жуу құралдарымен ағынды су астында жуады. Таза жиынтықтарды қаптамаланған күйінде жұмыс орындарында сақтайды.

175. Тарақтар, щеткалар, шаш қиюға арналған қайшыларды әрбір клиенттен кейін ағынды сумен жуады, қолдану жөніндегі нұсқаулығы бар стерилизаторларға немесе дезинфекциялау ерітіндісіне салады.

176. Электр ұстараларының алынатын пышақтарын, косметикалық жабдыққа және аспаптарға қоса жүретін электродтарды дезинфекциялау ерітіндісіне салынған тампондармен (15 минут сайын) екі рет сүртеді.

177. Педикюр жүргізу кезінде аяқ астына салынатын жастықша әрбір қолданудан кейін дезинфекциялау ерітіндісіне салынған шүберекпен сүртіледі.

178. Аяққа және қолға арналған ванналар әрбір клиенттен соң д е з и н ф е к ц и я л а н а д ы .

179. Маникюр мен педикюрді бір рет қолданылатын сулықтармен және стерилденген жиынтықтармен жасаған жағдайда, олар алдын ала дезинфекциялау жүргізілгеннен кейін кәдеге жаратылуға жіберіледі.

180. Маникюр, педикюр, пирсинг, пилинг, татуаж жасау, косметикалық қызмет көрсету (көрсетілетін косметикалық қызмет түріне қарай) құрамында кемінде үш жинағы бар жеке жиынтықтар болған жағдайда жүргізіледі.

Тері, шырышты беттердің зақымдалуы мүмкін манипуляция жүргізудің барлық кезеңдері клиент үшін қауіпсіз болуы тиіс. Маникюрді, педикюрді, пирсингті, татуажды жүргізуден бұрын және одан кейін тері беті және зақымдалған жерлер зарарсыздандырылады.

181. Маникюр, педикюр, татуаж, пирсинг, пилинг құралдарын, мата сулықтарын, мақта түйірлерін, сондай-ақ басқа да жұмсалатын материалдарды бу , ауа немесе стерилдеудің химиялық әдісімен стерилдегеннен кейін микроорганизмдермен екінші рет байланыспайтындай жағдайларда сақтайды.

Бір рет қолданылатын стерилденген тұтыну материалдарын қолданған жағдайда әр келуші үшін қор қамтамасыз етіліп, олар кейін кәдеге жаратылады.

182. Тері беті немесе шырышты қабық зақымдалуы мүмкін

манипуляцияларда (маникюр, педикюр, пирсинг, пилинг, татуаж, косметикалық қызметтер) пайдаланылатын құралдар әр клиенттен соң алдын ала сумен шайылмастан дезинфекциялау ерітіндісіне салынады. Дезинфекция аяқталғаннан кейін құралдар стерилдеу алды тазалауға және стерилдеуге жатады.

Құралдарды стерилдеу алды тазалау, дезинфекциялау және стерилдеу осындай мақсаттар үшін жабдықталған арнайы үй-жайда жүргізіледі. Құралдарды өндеуге арналған үй-жай "лас аймаққа" және "таза аймаққа" функционалды бөлінеді. "Лас аймақта" құралдарды алдын ала тазалау, "таза аймақта" құралдарды дезинфекциялау және стерилдеу жүргізіледі.

183. Құралдарды стерилдеу үшін пайдаланылатын жабдықтардың, аппаратуралардың және материалдардың оларды қолдану жөніндегі нұсқаулықтары болуы тиіс.

184. Эпидемияға қарсы режимді ұйымдастыру мен бақылау және маникюр, педикюр, татуаж, пирсинг, пилинг және косметикалық қызмет көрсету кезінде қолданылатын құралдарды дезинфекциялау, стерилдеу алдында тазалау және стерилдеу режимін күн сайын бақылау объект әкімшілігіне немесе шаруашылық жүргізуші субъектіге жүктеледі.

185. Тері беті тұтастығының бұзылуы арқылы манипуляцияларды жүзеге асыратын объектілердің жұмыскерлері жұмысқа кіру кезінде және жыл сайын В және С вирусты гепатит маркерлеріне тексеріледі.

186. Парентералдық гепатитін және адамның иммун тапшылығы вирусын жұқтырудың алдын алу мақсатында, жүргізілу барысында қолдың қанмен ластануы мүмкін барлық манипуляциялар резеңке қолғаптармен жүргізіледі. Персоналда ашық микрожаралар, сызаттар, жарықшақтар, ірінді аурулар болған жағдайда қорғаныш заттарымен (саусаққа кигішпен, лейкопластырьмен) оқшауланбаған жұмыскерлер клиенттермен жұмыс істеуге жіберілмейді.

187. Жұмыскерлер жеке бас гигиенасының мына:

1) клиентке қызмет көрсетер алдында және қызмет көрсеткеннен кейін сабынмен қолды мұқият жуу;

2) косметикалық кабинеттерде қолдарды өңдеу үшін тері антисептиктерін қолдану, қорғаныш бетперделерімен, экрандармен, бір рет қолданылатын резеңке, латекс қолғаптармен жұмыс жасау;

3) шаш бояуды қолғаптармен жүргізу;

4) жұмыс орнында темекі шекпеу және ас ішпеу;

5) арнайы киіммен жұмыс жасау;

6) жеке және арнайы киімді бөлек сақтау қағидаларын сақтауы тиіс.

188. Қанмен немесе сарысумен ластанған қол немесе қолғаптар сабынды қолдана отырып, ағынды сумен жуылады, соңынан дезинфекциялау құралдарымен өңдейді.

10. Парфюмерлік-косметикалық өнімдер мен ауыз қуысы гигиенасының құралдарын өндіруге, өткізуге және сақтауға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

189. Өндіруші және сатушы шығарылатын ПҚӨ өнімнің қауіпсіздігін қамтамасыз етеді және олардың осы санитариялық қағидалардың талаптарына және қолданыстағы нормативтік және/немесе техникалық құжаттамаларға сәйкес келуіне кепілдік береді.

190. Өндірістік үй-жайлардың ішінде орналасқан үй-жай ауасына зиянды немесе қатты иісті заттар бөліп шығаратын бастапқы өнімдердің, жартылай өнімдердің ауысымдық қорларын жинау орындары желдеткішпен жабдықталады. Желдету жүйесінің жұмыстарын бақылау кәсіпорын қызметімен және жылына кемінде 1 рет мамандандырылған ұйымдармен жүргізіледі.

191. Қабырға, еден, төбе жууға немесе басқа да жинау жұмыстарын жүргізуге жеңіл, зиянды және қатты иісі бар заттарды сіңірмейтін материалдардан жасалуы тиіс.

192. Өндірістік үй-жайлар ауаны тазалау және зарарсыздандыру жабдығымен қамтамасыз етіледі.

193. Өндірістік үй-жайлар санитариялық-тұрмыстық, қызметтік, әкімшілік үй-жайлардан оқшау болуы тиіс. Өндірістік үй-жайларда ас ішуге тыйым салынады.

194. Шикізатты, дайын өнімдерді және қаптамалау материалдарын сақтауға арналған үй-жайлар, микроклимат параметрлері өнім сапасына қолайсыз әсер етпеуі тиіс.

195. ПҚӨ өндіруге арналған жабдықтар:
1) ампулалы өнімдерді өндіруде стерилділік жағдайына кепілдік беруі;
2) шаң мен кірдің жинақталуының алдын алу үшін тиімді жинауға жол беруі тиіс.

196. Жабдықтардың элементтері тотығуға, сілтіленуге ұшырамауы тиіс, олардың құрамында жұмыс аймағының ауасына бөлінуі мүмкін немесе ПҚӨ құрамына сіңуі мүмкін заттар болмауы тиіс.

197. Үй-жайларды сығымдалған ауамен жинауға тыйым салынады.

198. Үй-жайларды және жұмыс жасайтын үстіңгі беттерді жуу үшін органикалық еріткіштерді қолдануға тыйым салынады. Жинауды жеңіл-белсенді заттардың сулы ерітінділерін қолдану арқылы жүргізген дұрыс.

199. ПҚӨ өнімін өндіруші-кәсіпорынның әр шикізат, қосалқы материал түрлеріне және реактивтерге бекітілген нормативтік немесе техникалық құжаттамалары болуы тиіс.

200. Кәсіпорын алатын шикізаттардың, материалдардың, реактивтердің әрбір партиясы қаптаманың бүтіндігін, таңбасын және сапасы мен қауіпсіздігін куәландыратын құжаттардың болуын тексеру арқылы кіре берісте бақылануы т и і с .

201. Шикізаттар, материалдар, реактивтер олардың регламенттелген сақтау мерзімі бойына бүтіндігін қамтамасыз ететін және араласуының және ластануының алдын алу жағдайларын сақтау арқылы негізгі өндірістен оқшауланған арнайы үй-жайларда сақталуы тиіс.

202. Шикізаттардың, материалдар мен реактивтердің жарамсыз деп танылған партиялары таңбалануы тиіс және олардың өндірістік үдеріске кездейсоқ түсіп кетуінің алдын алу үшін бөлек сақталуы тиіс.

203. Қойма үй-жайларының шығарылатын өнім, қосалқы материал және шикізат номенклатурасына сәйкес келетін қуаты болуы тиіс. Көлемі, құрылысы және орналасуы өнімді ұтымды орналастыруға, жинау жұмыстарын жүргізуге және басқа да қажетті техникалық операцияларды жүргізуге мүмкіндік беруі тиіс. Дайын өнім стеллаждарда және/немесе тұғырықтарда сақталуы тиіс.

204. Шикізаттарды, жарамсыз деп танылған шикізаттарды қабылдау және орналастыру, дайын өнімді тұтынушыға жібергенге дейін сақтау үшін бөлек үй-жайларды (немесе аймақтарды) көздеген жөн.

205. Қоймада уытты және тез тұтанғыш заттарды сақтауға арналған бөлек үй-жайлар (аймақтар) көзделуі тиіс.

206. Өндіріс аймағына кірушілердің барлығы, оның ішінде уақытша және тұрақты жұмыс істейтін жұмыскерлер, кәсіпорында жұмыс істемейтіндер жеке гигиена қағидаларын сақтауы тиіс.

207. Өндірістік үй-жайларда санитариялық немесе арнайы киімдерді киіп жүру керек. Санитариялық киімдерді, арнайы киімдерді, үй киімдерін бірге сақтауға т ы й ы м с а л ы н а д ы .

208. ПКӨ өнімді, АҚГҚ-ны өткізу өткізілетін өнімнің қауіпсіздігін растайтын құжаттары болған жағдайда мамандандырылған сауда объектілері немесе бөлімдері арқылы жүзеге асырылады.

209. ПКӨ өнімді және АҚГҚ-ны қоймада және өткізу нүктелерінде сақтау және тасымалдау кезінде өнімнің сапасы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ететін жағдайлар сақталуы тиіс.

210. ПКӨ өнімді және АҚГҚ-ны сақтау және өткізу тағам өнімдерінен, құрылыс және әрлеу материалдарынан, автобөлшектерден, жанар-жағар май материалдарынан бөлек жүзеге асырылады.

211. ПКӨ және АҚГҚ белгіленген жарамдылық мерзімі бойына дайын өнім қасиетінің сақталуын қамтамасыз ететін тұтынушылық ыдысы болған жағдайда ө т к і з і л е д і .

212. Жарамдылық мерзімі өткен, тұтынушылық ыдысында ақауы бар және сақтау жағдайлары бұзылған ПҚӨ мен АҚГҚ-ны өткізуге тыйым салынады.

11. Зираттарға және жерлеу мақсатындағы объектілерге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

213. Зиратты мына :

- 1) сумен жабдықтау көздері және минералды көздердің санитариялық қорғаныш аймақтарының бірінші және екінші белдеулерінде;
- 2) курорттардың бірінші санитариялық қорғаныш аймағында;
- 3) су басатын, шөгу және опырылуға ұшырайтын, батпақты учаскелерге;
- 4) шаруашылық-тұрмыстық қажеттілік, шомылу және басқа да мәдени-сауықтыру іс-шаралары үшін халық пайдаланатын I және II санаттағы су қоймаларының жағалауларында;
- 5) күйдіргі ауруы бойынша стационарлық қолайсыз пункттерде;
- 6) гамма-сәуленің тиімді дозасының қуаты ашық жерлерде доза қуатынан сағатына 0,2 микроЗиверттен асатын аумақтарда орналастыруға жол берілмейді.

214. Зираттар зираттың қоршауынан есептегенде:

- 1) бірінші тұрғын үй-қоғамдық ғимараттарға, спорттық-сауықтыру және санаторийлік-курорттық аймақтарға дейін – кемінде 300 метр;
- 2) су көзінің санитариялық қорғаныш аймақтарының белдеулерін есептеу қашықтығының жеткіліктілігін және сүзгілеу уақытын растай отырып, халықты ауызсумен жабдықтау көзіне дейін – кемінде 1000 метр қашықтықта орналастырылады.

215. Жабық зираттарға арналған санитариялық қорғаныш аймағының көлемі зираттық кезең аяқталғаннан кейін де қысқартылмауы тиіс.

216. Жерлеудің жалпы алаңы зираттың жалпы алаңының 65-70 % есебінен қабылданады.

217. Зиратқа арналған учаскенің тұрған орны және оның көлемі елді мекенді жоспарлау және салу жобасында, зират аумағын тікелей жабылғаннан кейін саябақ немесе бақ салуға пайдалану мүмкіндігін ескере отырып көзделеді.

218. Жерлеу бюролары, жерлеу рәсімі қызметін көрсететін бюро-дүкендер тұрғын үйлерден және қоғамдық ғимараттардан кемінде 50 метр қашықтықта бөлек тұрған ғимараттарға орналастырылуы тиіс.

219. Зират аумағы және жерлеу рәсімі қызметін көрсететін ғимараттардың кіреберісі қоқыс жинауға арналған урналармен, қоқысжинағыштарға өту жолы бар алаңдармен қамтамасыз етіледі.

Қоқысжинағыштарға арналған алаңдар қоршалады және қатты жабыны болады.

220. Қабір түбінен жер асты сулары тұратын деңгейге дейін кемінде 0,5 м
б о л у ы т и і с

221. Қайта жерлеуге қайтыс болған адамда аса қауіпті инфекциялық ауру (күйдіргі ауруы, конго-қырым геморрагиялық қызбасы және басқалары) болмаған жағдайда, жерленген сәтінен бастап алғашқы екі апта ішінде кейіннен жерленген сәтінен бастап кемінде үш жылдан соң, құмдауыт жерлерде кемінде бір жылдан соң және санитариялық-эпидемиологиялық қорытындысы болған жағдайда жол
б е р і л е д і .

222. Мәйіттің сүйегі алынған жағдайда қабір дезинфекцияланады және топырақ себіледі, ал қабірден алынған мәйіттің сүйегі қақпақты жәшіктерде тасымалданады, табыт жәшікке салынады және жаңа орынға тасымалданады. Жерлеу жүргізілген табыт зақымданған (сақталмаған) жағдайда табыттың қалдықтары арнайы бөлінген орындарда өртеледі.

223. Қайта жерлеумен айналысатын адамдар:

- 1) сіреспеге және күйдіргіге қарсы егілуі;
- 2) арнайы киіммен және аяқ киіммен, жеке қорғаныш құралдарымен (резеңке етіктер, резеңке қолғаптар, респиратор немесе ауыз бен мұрынды жабатын дәке таңғыштар, комбинезон) қамтамасыз етілуі тиіс.

224. Арнайы киімді үй жағдайларында жууға және зарарсыздандыруға жол берілмейді, ал жұмыс жүргізу кезінде қолданылатын құрал зираттан тыс
ш ы ғ а р ы л м а у ы т и і с .

225. Арнайы киім және арнайы аяқ киім эксгумация бойынша жұмыс аяқталғаннан кейін арнайы бөлінген орындарда тазартылуға және дезинфекциялануға жатады немесе өртеледі. Дәке таңғыштар эксгумация бойынша жұмыс аяқталғаннан кейін өртеледі.

226. Эксгумацияланған қалдықтарды тасымалдағаннан кейін көлік дезинфекциялануға жатады.

227. Этиологиясы белгісіз инфекциялардан және аса қауіпті инфекциялардан қайтыс болған адамдарды жерлеу мырышталған, тұмшаланып дәнекерленген табыттарда жүргізіледі.

228. Зиратты және қабірлерді көшіру кезінде аумақтарды (учаскелерді) рекультивациялау жүргізілуі тиіс. Тұрғын үй аумағын жоспарлау үшін қабірлердің жойылатын орындарының топырақтарын пайдалануға жол
б е р і л м е й д і .

229. Құрылыс жұмыстарын жүргізу кезінде бұрын белгісіз болған қабірлер анықталған жағдайларда мәйіттің сүйектерін қайта көму және аумақты рекультивациялау қажет.

230. Зираттардың аумағын пайдалануға оны көшірген сәттен бастап жиырма

жыл өткен соң жол беріледі. Аумақ бұл жағдайларда жерге ағаш отырғызу үшін ғана пайдаланылады.

"Коммуналдық мақсаттағы объектілерге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларына
1-қосымша

Қонақүйлердің үй-жайларын жасанды жарықпен жарықтандырудың ең төменгі нормалары

р/н	Үй-жайлардың атауы	Шамдарды жаққандағы ең аз жарықтандыру (люкстерде)		Нормативтің қатысы бар беті
		қызуы	люминисценттік	
1	Нөмірлер (тұрғын үй-жайлар)	30	75	еденнен 0,8 м
2	Вестибюль	50	100	Еден
3	Ортақ қонақ бөлмелер, холлдар, буфеттер, барлар және басқалар	75	150	еден
4	Қызмет көрсету бюросы, әкімшілік үй-жайлар, тұрғындарға қызмет көрсету үй-жайлары	75	200	еденнен 0,8 м
5	Негізгі баспалдақтар, ортақ дәліздер, орталық киім кептіру орны, шеберханалар, тазалау және үтіктеу бөлмелері	30 (50)*	100	еден
6	Ортақ санитариялық тораптар, нөмірлердегі (үй-жайлардағы) санитариялық тораптар	30	75	еден
7	Ортақ себезгілер	50	-	еден
8	Қызмет көрсететін персоналға арналған үй-жай	75	150	еденнен 0,8 м

9	Қойма үй-жайлары	20	-	еденнен 0,8 м
10	Техникалық үй-жайлар	30	-	еден

* жақша ішіндегі сан – шеберханалар үшін

"Коммуналдық мақсаттағы объектілерге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларына
2-қосымша

Жатақхана үй-жайларындағы ауаның есептелген параметрлері мен ауа алмасу жиілігі

Р/н	Үй-жайлар	Жылдың салқын мезгіліндегі ауаның рұқсат етілген температурасы, °С, төмен емес	Ауа алмасу жиілігі	
			Ішке сору	Сыртқа тарату
1	Жатақхананың тұрғын бөлмесі	18	1 м ² -ге кемінде 3 м ³ /с	-
2	Электр плитасы және газ плитасы бар жатақхананың ас үйі	16	-	кемінде 60 м ³ /с
		16	-	2 конфорлы плита бар болғанда кемінде 60 м ³ /с; 3 конфорлы плита бар болғанда кемінде 75 м ³ /с; 4 конфорлы плита бар болғанда кемінде 90 м ³ /с;
3	Жуыну бөлмесі	22	-	25 м ³ /с
4	Дәретхана	18	-	25 м ³ /с
5	Ортақ қолданылатын санитариялық торап	18	-	1 унитазға 50 м ³ /с
				1 писсуарға 25 м ³ /с
6	Себезгі	22	-	5 есе
7	Киім тазалайтын және үтіктейтін гардеробтық бөлме	18	-	1,5 есе
8	Вестибюль, ортақ дәліз, жатақхананың баспалдақ алаңы	16	-	-
9	Кір жуатын орын	15	5 есе	5 есе
10	Жатақханадағы кір кептіру, үтіктеу орындары	15	есептеу бойынша, бірақ кемінде 3 есе	3 есе
	Жатақханалардағы шаруашылық және			

11	төсек жабдықтарын қоятын орындар	12	-	1,5 есе
12	Қоқыс жинау камерасы	5	-	1 есе (қоқыс жіберу құбырының өзегі арқылы)
13	Жаттығу залы	16	3 есе	3 есе
14	Кітапхана	18	-	0,5 есе

"Коммуналдық мақсаттағы объектілерге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларына 3-қосымша

Жабық жүзу бассейндерінің негізгі үй-жайларының микроклиматы параметрлеріне қойылатын талаптар

Р / н	Үй-жай	С у температурасы, °С	А у а температурасы, °С	Салыстырмалы ылғалдылық %	1 сағаттағы ауа алмасу параметрлері		А у а қозғалысының жылдамдығы (м/сек)
					ішке сору	сыртқа тарату	
1	Ересектерге арналған ванна	24-26	-	-	-	-	-
2	Балаларға арналған ванна	30	-	-	-	-	-
3	Бассейн ванналарының залдары	-	С у температурасынан 1-2 жоғары	60% көп емес	1 келушіге кемінде 80 м ³ /сағ, 1 көрерменге кемінде 20 м ³ /сағ.	0,5 көп емес	-
4	Оқу-дайындалу залы	-	18	-	1 келушіге кемінде 80 м ³ /сағ	0,2 көп емес	-
1 сағаттағы ауа алмасу жиілігі							
5	Шешіну орны	-	25	-	Себезгілерді есепке ала отырып, тенгерім бойынша	2 (себезгілерден)	-
6	Себезгілер	-	25	-	5	10	-
7	Массаж бөлмесі	-	22	-	4	5	-
8	Сауна камералары	-	120-дан көп емес	-	-	5 (адам жоқ кезде мерзімдік іске қосылатын)	-

9	Судың анализіне арналған зертхана	-	18	-	2	3	-
---	-----------------------------------	---	----	---	---	---	---

Е с к е р т п е :

Ашық бассейндердегі судың температурасы жаз мезгілінде плюс 27°C, ал қыс мезгілінде плюс 28°C, үйренушілер үшін плюс 29°C болуы тиіс

"Коммуналдық мақсаттағы объектілерге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларына 4-қосымша

Бассейн суы сапасының көрсеткіштері

№	Көрсеткіш	Өлшем бірліктері	Норматив
1	Лайсаңдығы	литрге миллиграмм (бұдан әрі - мг/л)	2,0-ден көп емес
2	Түсі	град	20-дан көп емес
3	Иісі	балл	3-тен көп емес
4	pH сутегі иондарының шоғырлануы	-	6,5-9,0 шегінде
5	Қалдық байланысқан хлор	мг/л	1,2-ден көп емес
6	Қалдық бос хлор	мг/л	1-6 жасқа дейінгі балалар үшін 0,1-0,3; ересектер үшін 0,3-0,6
7	Аммонийлік азот (азот бойынша)	мг/л	0,2-ден көп емес
8	Озон (озондау кезінде)	мг/л	0,3-тен көп емес
9	Перманганатты тотықтану	мг/л	5,0-ден көп емес
10	Хлороформ	мг/л	0,2-ден көп емес
11	Формальдегид (озондау кезінде)	мг/л	0,05-тен көп емес
12	Жалпы микробтар саны (ЖМС)	1 мл-де	100-ден көп емес
13	Жалпы колиформдық бактериялар (ЖКБ)	100 мл-де	жоқ
14	Термотолерантты колиформдық бактериялар (ТКБ)	100 мл-де	жоқ
15	Колифагтар	100 мл-де	жоқ
16	Алтын тәріздес стафилококк (<i>Staphylococcus aureus</i>)	100 мл-де	жоқ
17	Ішек инфекцияларын қоздырғыштар	1000 мл-де	жоқ
18	Көк іріңді таяқша (<i>Pseudomonas aeruginosa</i>)	100 мл-де	жоқ
19	Циста лямблийлері	50 л-де	жоқ
20	Гельминт жұмыртқалары мен личинкалары	50 л-де	жоқ
21	Легионелла (<i>Legionella pneumophila</i>)	100 мл-де	жоқ

"Коммуналдық мақсаттағы объектілерге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар"

санитариялық қағидаларына

5-қосымша

Өндірістік бақылау жүргізудің ұсынылатын жиілігі

№	Көрсеткіш	Бақылау жиілігі
	Бассейн суы	
1	Лайсаңдығы	1 рет жұмыс уақытында
2	Түсі	
3	Иісі	
4	Температурасы	
5	Сутектік көрсеткіш	Жұмыс басталар алдында және әрбір 4 сағат сайын
6	Қалдық байланысқан хлор	
7	Қалдық бос хлор	
8	Озон (озондау кезінде)	
9	Перманганатты тотықтану	Айына 1 рет
10	Хлороформ	
11	Формальдегид (озондау кезінде)	
12	Аммоний азоты	
13	Жалпы микроб саны (бұдан әрі - ЖМС)	Айына 1 рет
14	Жалпы колиформдық бактериялар (бұдан әрі - ЖКБ)	
15	Термолерантты колиформдық бактериялар (бұдан әрі - ТКБ)	
16	Колифагтар	
17	Алтын тәріздес стафилококк (<i>Staphylococcus aureus</i>)	ЖМС, ЖКБ және/немесе ТКБ-ға талдаудың қанағаттанарлықсыз болуы кезінде
18	Ішек инфекцияларын қоздырғыштар	
19	Көк іріңді таяқша (<i>Pseudomonas aeruginosa</i>)	
20	Лямблий цистиддері	
21	Гельминт жұмыртқалары мен личинкалары	
22	Легионелла (<i>Legionella pneumophila</i>)	
	Су аймағының ауасы	
23	Хлороформ	Судағы хлороформ шоғырлануы 0,2 мг/л көп болған кезде
24	Хлор	
25	Температура	1 рет жұмыс уақытында
26	Салыстырмалы ылғалдылық	Ашылу алдында және желдету құрылғыларын жөндеуден/алмастырудан кейін
27	Ауа қозғалысының жылдамдығы	

"Коммуналдық мақсаттағы объектілерге

қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар"

санитариялық қағидаларына

6-қосымша

Шаштараздық және косметикалық қызмет көрсету объектілері үй-жайларының алаңы

№	Үй-жайлардың атауы	1 жұмыс орнына белгіленген алаң, м ²	Ескертпе
1	Келушілерге арналған үй-жайлар: - күту залы - келушілер киім ілетін орын	3,0 -тен 10 жұмыс орнына дейін 1,5 – одан кейінгі әрқайсысына 0,3	күту залы мен киім ілетін орын алаңы кемінде 6 м ²
2	Шаштараздық қызмет көрсету залы: - шебер-шаштараздың әмбебап жұмыс орны	7,0	бейініне қарамастан бір жұмыс орнына кемінде 15,0 м ²
3	Косметикалық кабинет	әр жұмыс орнына 8,0, бірақ 12,0-ден кем емес	
4	Маникюр кабинеті	6,0	әйелдер залында маникюр үстелін орналастыру кезінде – қосымша 6,0 м ² шаштараз
5	Педикюр кабинеті	8,0	
6	Косметологиялық кабинет	әр жұмыс орнына 8,0 бірақ 12,0-ден кем емес	
7	Массаж кабинеті	9,0	
8	Қию жұмыстарын жүргізуге арналған үй-жай	8,0	әрбір қосымша жұмыс орнына 4,0 м ²
9	Кір жуу орны	9,0-дан жоғары (жуғыш машиналарының типін ескергенде)	орталықтандырылған кір жуу кезінде көзделмеуі тиіс
10	Ас ішу және демалу үй-жайлары	6,0	
11	Қосалқы үй-жайлар: - жабдықтау жиынтығын сақтайтын орын; - жинастыру мүкәммалы мен қиылған шашты сақтау орны	6 , 0 2,0	
12	Парфюмерлік-косметикалық өнімдер, дезинфекциялау, жуу құралдарын сақтауға арналған үй-жайлар	4,0	
13	Мед.қалдықтарды уақытша сақтайтын үй-жайлар	4,0	
14	Стерилдеу бөлмесі	8,0	
15	Киім ілетін орын	1 жұмыс орнына 0,3 м ²	

